

Халықаралық логистика жүйесіндегі тарифтер

Транспорттық ұйымдар көрсететін қызметтер үшін есеп айырысулар транспорттық тарифтер көмегімен іске асырылады. Тарифтер келесіні қамтиды:

- жүкті тасымалдау үшін алынатын ақылар;
- жүктерді тасымалдаумен байланысты қосымша операциялар үшін жинаулар;
- төлемақылар мен жинауларды есептеу ережелері.

Экономикалық категория ретінде транспорттық тарифтер транспорт өніміне баға формасы болып табылады.

Әртүрлі транспорт түрлеріндегі тарифтер жүйесінің өз ерекшеліктері бар.

1. темір жол транспортында жүктерді тасымалдаудың құнын анықтау үшін жалпы, ерекше, жеңілдетілген және жергілікті тарифтер қолданылады.

Жалпы тарифтер – бұл тарифтердің негізгі түрі. Олардың көмегімен жүктердің негізгі бөлігін тасымалдау құны анықталады.

Ерекше деп жалпы тарифтерден арнайы баға қосу немесе кеміту түріндегі ауытқуы бар тарифтер. Олар жоғарлатылған немесе төмендетілген болуы мүмкін және тек нақты жүктерге тарайды. Ерекше тарифтер көмегімен жылдың әртүрлі мерзімдерінде тасымалдау құнын көтеру немесе төмендету арқылы темір жолдардағы тасымалдаулардың біркелкі еместігінің деңгейін төмендетуге болады.

Жеңілдетілген тарифтер белгілі бір мақсаттар үшін және темір жолдың өзі үшін жүктерді тасымалдау кезінде қолданылады.

Жергілікті тарифтерді жеке темір жолдың бастықтары бекітеді. Бұл тарифтер берілген темір жол шеңберінде ғана әрекет етеді.

Тасымалдау ақысынан тыс темір жол жүк алушылар мен жүк жіберушілерден жүктерді тасымалдаумен байланысты қосымша қызмет көрсетулер үшін ақы алады. Бұл ақылар жинаулар деп аталады және келесі операцияларды орындау үшін алынады: жүкті сақтау, салмағын өлшеу, тексеру, вагондарды беру немесе алу, дезинсекциялау, жүктерді экспедициялау, тиеу-түсіру жұмыстары және т.б.

Темір жолмен жүктерді тасымалдау кезінде ақының көлеміне әсер ететін **факторлар**:

- **жөнелтудің түрі:** вагонмен, контейнермен, аз салмақты (салмағы 25т дейін және көлемі жарты вагонға дейін); ұсақ жөнелту (салмағы 10т дейін, көлемі вагон сыйымдылығының 1/3 дейін);
- **жөнелту қашықтығы;**
- **вагон түрі:** универсалды, арнайы, изотермиялық вагондар, цистерна немесе платформа.
- **Вагон немесе контейнердің егесі:** темір жол, жүк алушы немесе жүк жіберуші;
- **Тасымалданатын жүк саны.**

2. **Автокөлікке жүктерді тасымалдаудың құнын анықтау үшін тарифтердің келесі түрлері қолданылады:**

- келісімді тарифтер;
- автотонна-сағат шарттары бойынша тарифтер;
- жүк автокөліктерін мерзімді пайдалану үшін тарифтер;
- километрлік есеп тарифтері;
- келісімді тарифтер.

Тарифтердің көлеміне келесі **факторлар** әсер етеді:

- тасымалдау қашықтығы;
- жүк салмағы;
- жүктің көлемдік аймағы;
- автокөліктің жүк көтерімділігі;
- жалпы қашықтық;
- автокөлікті пайдалану уақыты;
- автокөлік типі;
- тасымалдау аймағы және т.б.

3. **Өзендік транспорттағы** тарифтер пароходстволармен нарық конъюктурасын ескере отырып, дербес түрде бекітіледі. Оның негізінде қызмет көрсетулердің өзіндік құны және заңмен бекітілен рентабельділік деңгейі алынады.

4. **Теңіз транспортында** тасымалдау ақысы тарифтер бойынша немесе фрахт ставкасы бойынша алынады (фрахт нарығы – кеме қатынасы өнімінің нарығы).

1-сұрақ. Материалдық ағым ұғымы логистикада басты ұғым болып табылады. Материалдық ағымдар шикізат, жартылай фабрикаттар және дайын өнімдерді

тасымалдау, қоймалау және басқа да операцияларды орындау нәтижесінде пайда болады.

Материалдық ағымдар әртүрлі кәсіпорындар арасында немесе бір кәсіпорын ішінде өтуі мүмкін. Материалдық ағым анықтамасын беру үшін көтерме база қоймасының ішінде өтетін материалдық ағым мысалын қарастырайық.

Суретте қоймадағы материалдық ағымның схемасы келтірілген. Жұмыс уақыфтанда түскен тауар түсірілгеннен кейін сақтауға тікелей немесе сақтау учаскесіне қабылдауды өткен соң жіберілуі мүмкін, демалыс күндер келген жүк қабылдау экспедициясында орналастырылады, сол жерден бірінші жұмыс күні қоймаға жіберіледі. Қоймаға түскен тауардың барлығы ақыр аяғында сақтау учаскесінде шоғырланады.

Жүктің сақтау зонсынан тиеу учаскесіне қозғалысының жолдары да әртүрлі болуы мүмкін.

Жүктің қозғалысының бойында онымен әртүрлі операциялар іске асырылады: түсіру, орнын ауыстыру, ыдыстан босату, сақтау үшін жинау және т.б. Жеке операция бойынша белгілі уақыт мерзіміне есептелген жұмыстар көлемі материалдық ағымды білдіреді. **Мысалы.** Вагоннан жүкті түсіру және көлемі 5 мың м² табындықтарға жинау жөніндегі материалдық ағым жоба бойынша 4383т тең.

Көтерме базарларда материалдық ағымдарды әдетте жеке учаскелер үшін есептейді. Ол үшін берілген учаскеде іске асырылатын барлық логистикалық операциялар бойынша жұмыстардың көлемдерін қосады.

Кестеде сол базаның темір жол вагондарынан жүкті түсіру учаскесінде жылдық материалдық ағымда есептеу мысалы келтірілген. Оның көлемі, жоба бойынша 9740 т/жылына.

5 мың м² көлемі бар көтерме базаның темір жол вагондарынан жүк түсіру учаскесіндегі материалдық ағын.

№	Логистикалық операцияның аталуы	Материалдық ағым көлемі, т/жыл.
---	---------------------------------	---------------------------------

1.	Вагоннан жүкті түсіру және табандықтарға жинау	4383
2.	Вагоннан жүкті түсіру және электр арбаға жинау	487
3.	Құрастырылған пакетті жылжыту:	
	А) қабылдау учаскесіне	2922
	Б) экспедицияға	730
	В) сақтау зонасына дейін	1218
	барлығы	9740

Бүкіл көтерме база үшін жалпы материалдық ағын оның жеке учаскелерінде өтетін материалдық ағындарды қосу арқылы анықталады.

Материалдық ағым - әртүрлі логистикалық операциялардан өту процесінде қарастырылатын және уақыт интервалына жатқызылған жүктер, бөлшектер, тауарлы-материалдық құндылықтар.

Кейбір логистикалық операцияларды іске асыру кезінде материалдық ағым берілген уақыт мезгілі үшін қарастырылуы мүмкін. Бұл кезде ол материалдық қорға айналады. **Мысалы**, жүкті темір жол транспортымен тпасымалдау операциясы. Жүк жолда болған мезгілде, ол материалдық қор, яғни «жолдағы қор» болып табылады.

2-сұрақ. Материалдық ағымдар келесі **негізгі белгілер** бойынша топтастырылады: логистикалық жүйеге қатынасы, ағымның натуралдық-заттық құрамы, ағымды құрайтын жүктер саны, ағымды құрайтын жүктің үлес салмағы, жүктердің үйлесімділігі деңгейі, жүктердің консистенциясы бойынша.

1. **логистикалық жүйеге қатынасы бойынша** материалдық ағынның келесі түрлері болады:

- **сыртқы** материалдық ағым кәсіпорынның сыртқы ортасында өтеді. Бұл категорияны кәсіпорыннан тыс қозғалатын кез келген жүктер емес, тек кәсіпорын олардың ұйымдастырылуына қатынасы бар жүктер ғана құрайды;

- **ішкі** материалдық ағым логистикалық жүйенің ішінде жүкпен логистикалық операцияларды іске асыру нәтижесінде пайда болады;

- **кірістік** материалдық ағым логистикалық жүйеге сыртқы ортадан келеді (жүкті түсіру операцияларындағы материалдық ағымдар шамаларының қосындысымен анықталады);

- **шығыстық** материалдық ағым логистикалық жүйеден сыртқы ортаға жіберіледі (жүкті тиеу операциясының қосындысы).

Кәсіпорындағы қорларды бір деңгейде сақтағанда кірістік материалдық ағым шығыстық материалдық ағымға тең болады.

2. натуралдық-заттық құрамы бойынша:

- бір ассортименттік

- көп ассортименттік.

3. сандық белгісі бойынша:

- **жаппай** деп жүкті бір ған транспорт құралымен емес, олардың тобымен тасымалдау процесінде пайда болатын ағым саналады;

- **ірі** ағымдар – бірнеше вагон, автокөлік;

- **ұсақ** ағымдар транспорт құралының жүк көтерімділігін толық пайдалануға мүмкіндік бермейтін және тасымалдау кезінде басқа, жолай жүктермен қоса тасымалдауды талап ететін жүктердің саны құрайды;

- **орта** ағымдар ірі және ұсақ ағымдар арасында аралық орын алады, оларға жалғыз вагон немесе автокөлікпен түсетін жүктер құрайтын ағымдарды жатқызады.